

Экономикалық эссе

«Лайықты зейнетақы – бұл лайықты еңбекақының бөлігі»

Ауыр еңбекте және зиянды еңбек жағдайында белгілі бір еңбек өтілдері бар тұлғалардың лайықты өмірін қамтамасыз ету міндеті тұжырымдалған екі ресми көзге сілтеме жасаудан бастаймын.

Бірінші көз – 2021-2023 жылдарға арналған Бас келісім, онда тараптардың, үкіметті қоса алғанда, 2021 жылы қарауы тиіс ниеттері айқын жазылған мынадай пункт бар «... ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін еңбеккерлердің зейнеткерлікке ерте шығулары жөніндегі мәселе» (<https://vssi.kz/2022/11/25/>).

Екінші көз – Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы: «Менің тапсырмаммен Үкімет зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірледі. Бұл бұрыннан талқыланып жүрген мәселе болатын, енді шешімі табылды. Оның мынадай өлшемдері бар. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді».

Жоғары деңгейдегі екі құжат және екеуінде де бір проблемадан туындайтын міндеттердің тұжырымы әр түрлі.

Жолдаудың мәтінінен және еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрінің (бұдан әрі – Еңбек министрлігі) Парламент Мәжілісінің профильді комитетінде жасаған баяндамасынан Үкімет толыққанды зейнетақы емес, әлеуметтік төлемді ғана ұсынып отырғаны айқын көрінеді. Еңбек министрлігінің заң жобасында ауыр жұмыстардан, зиянды, сондай-ақ, аса зиянды жағдайларда жұмыстан денсаулығын жоғалтқан еңбеккерлерді зейнеткерлікке ерте шығару қарастырылмаған. Әрі Жолдауда нақты әлеуметтік төлемдер туралы айтылады, түсінікті, мемлекет зейнеткерлікке ерте шығу мүмкіндігін қарастырмайды; оны заңға сәйкес зейнетақы болып табылмайтын өтемақылармен ауыстыруға тырысуда.

Қолданыстағы заңды – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін (Кодекс) оқып көрелік. Нормалардың тұжырымдарын олардың мәнін бұзбай мұқият қысқартамын. Кодекске сәйкес әлеуметтік төлемдер – бұл әлеуметтік сақтандырудың Мемлекеттік қоры әлеуметтік төлемді алушылардың пайдасына жүзеге асыратын төлемдер. Онда зейнетақы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мен Бірыңғай жинақтау зейнетақы қорынан (бұдан әрі – БЖЗҚ) жасы келуіне байланысты зейнетақы төлемдерінің, ерікті жинақтау зейнетақы қоры мен сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдерінің жиынтығы түрінде анықталған. Зейнеткерлікті қамтамасыз ету – азаматтарды зейнеткерлік

жасқа толғанда зейнеткерлік зейнетақы төлемдерімен және Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да шарттармен қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шаралардың жиынтығы. Әлеуметтік төлемді алушы мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (бұдан әрі – Қор) әлеуметтік тәуекел жағдайлары басталғанға дейін және оған қатысты осы қор әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдаған жеке тұлға болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік төлем мен зейнетақы түсініктері бірін бірі ауыстыруы мүмкін емес. Оның үстіне төлемкөздері әртүрлі.

Атап өту керек, зейнетақы жинағынан БЖЗҚ-ға ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің көлемі ҚР Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес анықталады.

Жұмысшылар нені талап етеді?

Қазақстан Республикасы Президентіне 170 мыңнан астам өз мүшелерінің мүддесін білдіретін тау-кен металлургия кәсіпорындары еңбеккерлерінің үш салалық кәсіптік одағы былай деп жазады: «... 1998 жылы жойылған ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін еңбеккерлер үшін төленетін жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдемелерді қалпына келтіруге ұзақ жылдар әрекет етіп келдік, біз зейнеткерлік жасты 50 жасқа дейін азайтуды № 1 және № 2 тізімдерге қайта оралуды талап еттік. Қазақстан осынау жеңілдіктер мен кепілдіктерді жойған кеңестік кеңістіктегі жалғыз ел».

Бұдан бұрын мазмұны осыған ұқсас мәлімдеме болған еді (<https://mssi.kz/2023/11/11/afi-2/>). Мынаған назар аударыңыздар – оған кәсіподақтармен бірге жұмыс беруші де қол қойды. Бипартизмнің сирек көрінісі! Бастапқы мәтінін қысқартыңқырап және ептеп өңдей отырып мәлімдеме идеясының біреуін қысқаша келтіре кетейін. Кәсіподақтар мен жұмыс беруші былай деп жазады: «Елімізде көп жылдардан бері шахтерлардың және қауіпті әрі зиянды өндірісте жұмыс істейтіндердің зейнеткерлік жасын төмендету мәселесі талқыланып келеді. Осынау қиын әрі қауіпті мамандық өкілдері ендігі көп жылдардан бері зейнеткерлік жасты төмендету туралы айтып келеді, алайда, Қазақстан әлі күнге дейін посткеңестік кеңістікте шахтерлар зейнеткерлікке кейін шығатын жалғыз ел болып қалуда. Кәсіподақтар көптеген жылдар бойы кеніштер мен шахталардағы қауіпті және ауыр еңбек жағдайлары туралы және сондай-ақ, шахтерлардың көбі салдарынан 50 жасқа жетпей қайтыс болатын кәсіби аурулар туралы нақтылай айтып келеді».

Екі мәлімдемеде де кәсіподақтар жоғарыда атап өтілген мамандықтағы жұмысшылар үшін зейнеткерлік жасты төмендетуді сұрайды. Олар Президентке шахтерлер, кеншілер, металлургтер және зиянды жағдайларда жұмыс істейтін басқа да мамандық өкілдері үшін зейнеткерлік

жасты төмендетуді күтуде екендіктерін хабарлайды. «30-35 жыл бойы ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайында жұмыс істей және мемлекеттік бюджетке салықтың барлық түрлерін төлей отырып аталған жұмысшылар санаты зейнетақыларын 350-400 мың теңгеден кем болмайтын деңгейге көтеруге және оны күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша инфляция деңгейіне индексациялауға үміт артуға құқылы».

Еңбеккерлердің өкілдері зейнеткерлік жасты төмендетуді талап етеді, сонымен қатар нақты цифрларды атайды: ерлер үшін – 15 жыл және әйелдер үшін – 12 жыл. Олардың пікірінше, ең жақсы нұсқа – бұл зейнеткерлікке ерте шығып, лайықты зейнетақы алу. Олар мұндай мүмкіндік біліп тұрған тәуекелге жұмысшылардың ерікті түрде баруына ынталандырады. Ал, ұсынылып отырған әлеуметтік төлемге келетін болсақ, кәсіподақтар оның көлемінің болмашы екендігін атап өтуде.

Еңбеккерлердің мәлімдемелерінің, өтініштерінің және талаптарының мазмұны осындай. Мәселені шешуге болады. Әрине, зейнетақы лайықты болуы тиіс. Зейнетақы еңбекақы төлеумен байланысты болғандықтан, қосып айтайын, еңбекақы лайықты болуы тиіс!

Үкімет не ұсынады?

Еңбек министрлігі Үкімет атынан тақырыпты арнаулы әлеуметтік төлем (бұдан әрі – әлеуметтік төлем) түрінде жабуды ұсынады. Еңбек министрлігі әлеуметтік төлемді тағайындаудың екі шартын тұжырымдайды:

Бірінші – азамат әлеуметтік төлем алу құқына 55 жасқа жеткен кезде ие болады. «Әлеуметтік төлем зейнеткерлік жасқа жеткенше дейін төленеді, ал одан әрі еңбеккер зейнетақы төлемдерін тікелей жасы бойынша алатын болады. Еңбеккерлер мұндай арнаулы төлемді зиянды еңбек жағдайынан босай отырып пайдалануға құқылы». Бұл ретте зейнеткерлікке шығудың 63 жасы сақталады.

Екіншіден – зиянды еңбек жағдайындағы жұмыс өтілі 7 жылдан кем болмауы керек. Мұндай өтіл жұмыс берушінің еңбеккерге зиянды еңбек жағдайында жұмыс істегені үшін 5 процент көлемінде міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын төлеудің мерзімімен нақтыланады. Зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін азамат жасына байланысты ынтымақтастық зейнетақысын (базалық зейнетақы төлемдері мен БЖЗҚ-дан төленетін жинақтар) алады.

Еңбек министрлігі былай деп түйіндейді: «арнаулы әлеуметтік төлем көлемі орташа алғанда 200 мың теңгені құрайды.

Бірқатар сұрақтар туындайды.

Біріншіден, егер адам 55 жастан жоғары болса, онда ол әлі зейнеткер емес, яғни, арнаулы әлеуметтік төлемдерді ала отырып, қолайлы жағдайда жұмысын жалғастыра алады. Онда жұмыс беруші БЖЗҚ-ға зейнетақы

аударымдарын аударуға міндетті. Олай болса, БЖЗҚ қаржының «келу-кетуін» қалай есептейді және сол адам нағыз зейнеткерлікке шыққанда бұл үдеріс келешектегі зейнетақы төлемдерін төмендетпей ме?

Екіншіден, статистиканың мәліметі бойынша, зиянды еңбек жағдайында 490 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Еңбек министрлігі мынандай талапты енгізуді ұсынады – зиянды еңбек жағдайында жұмысты тоқтату. «Еңбеккер жұмыс берушінің келісімі бойынша жеңіл жұмысқа ауысуына немесе еңбек шартын бұзуына құқылы». Алайда, 37 мың адамды 1 жыл ішінде қандай жеңіл жұмысқа тұрғызу мүмкін болмақ? Салада осыншалықты бос орын бар ма?

Үшіншіден, министрліктің мәселеге жеңіл-желпі көзқарасы сақтандырады. Егер әлеуметтік төлем зейнетақы болып табылмайтын болса, онда мемлекет адамның БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарына неге «қол сұғады»? Қисынына келсек, барлық шығынды мемлекет өзіне алу керек, яғни, әлеуметтік төлем Қордан төленуі тиіс, өйткені, адам әлеуметтік тәуекел жағдайына тап болды – ол өзінің денсаулығын жоғалтты, енді бұрынғы жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндігі жоқ, ал басқа мамандықты ол игермеген.

Төртіншіден, әлеуметтік төлемнің құрамына енетін төлем есебінің бірлігі үшін егер адам жұмысты одан әрі жалғастыратын болса, еңбекақының ең төменгі мөлшерінің орнына неліктен ең төменгі күнкөріс көлемі алынады?! Оның үстіне ең төменгі күнкөріс көлемінің есебі ешқандай кәсіби сынға төтеп бере алмайды, сондықтан Үкімет кез-келген сыннан барынша қорғанып бағуда.

Республикалық «ҮНТҮМАҚ» партиясының ұйымдық комитеті не ұсынады?

Жасы келуі бойынша зейнетақы көлемі – айрықша мәселе. Сөз жоқ, зейнетақы лайықты болуы тиіс. Оның көлемін қалай анықтау керек? Әрине, алдымен есептеу әдістемесі қажет. Алайда, ең бастысы – әлеуметтік әріптестік негізінде саяси шешім қабылдану талап етіледі. Яғни, барлық аспектілер бойынша тараптардың келісімі өте маңызды. БЕҰ № 102 Конвенциясына сәйкес, мемлекеттік зейнетақы жүйесі осыған дейінгі кірістің кем дегенде 40 процентін өтеуі қажет. ЕО елдерінде өтем – орташа алғанда 70-80 процент, ал кейбірлерінде, мысалы: Испанияда, Италияда және Португалияда одан да жоғары. Егер өтемді 60 процент деп, сондай-ақ, елдегі орташа жалақыны 365 мың теңге деп (ресми статистика мәліметі бойынша) қабылдайтын болсақ, онда биылғы жылы зейнетақыдағы мемлекеттік үлесі айына $365 \cdot 0,6 = 219$ мың теңге болуы тиіс. Жаман емес! Алайда, шын мәнінде ол 2 есе төмен.

Сонымен, мәселенің шешімі қандай еңбекақы лайықты боп саналады деген сұраққа жауап беруден басталуы тиіс. Иә, анықтаудан, мәселеге концептуальды түрде келуден бастап, сосын есептеу әдістерін талқылауға

көшу керек. Осылай болатын болса, біздер еңбекақыны ең төменгі көлемін есептеу мен қабылдауға байланысты мәселелерден сырт айналып кете алмаймыз. Яғни, БЕҰ № 31 «Дамушы елдердегі ең төменгі жалақыны ерекше есеппен тағайындау туралы» Конвенциясын бекітуімізге тура келеді. Одан әрі еңбекке ақы төлеу жүйесінде тұтастай экономика және салалар мен еңбек қызметі түрлері бойынша алғанда, тіпті екі тарап бір-бірін ғажайып түрде түсінді дегеннің өзінде, кезеңдік шешімдері жылдарға ұласатын мәселелердің шоғыры туындайды.

Мен екі адамға арналған бағалау есебін жасадым. Есептің шарты мынадай. Олардың екеуі де 1 жылда, 1 айда – 1 қаңтарда туған. Екеуі де бірдей кәсіби білім алып, жыл басында өндіріс кәсіпорнына бірдей жұмысшы мамандығына жұмысқа тұрды. Оларға бірінші разрядты жұмысшының 100 мың бірлік көлемінде еңбекақы тағайындалды. Одан әрі барлық еңбек кезеңінде олардың еңбекақылары жыл сайын кәсіби деңгейінің артуына, лауазымдық өсуіне, ең төменгі еңбекақыны индексациялауға және тағы басқа жағдайларға байланысты өсіп отырады. Олар лауазым бойынша қатар келеді, сондықтан да еңбекақылары да, міндетті зейнетақы аударымдары да бірыңғай. Енді маңызды шарт! 39 жасқа жетуіне байланысты күнтізбелік жылдың соңында оларға зиянды жұмыс жағдайындағы ауыр жұмысқа көшу ұсынылады, алдағы 15 жыл бойы, яғни, 55 жасқа жеткенше дейін жақсы жалақы уәде етіледі. Тартымды ұсыныс – заңда белгіленген 63 жастан гөрі, зейнеткерлікке 8 жыл бұрын шығу мүмкіндігі бар. Бірінші жұмысшы бас тартады: денсаулық қымбат! Екіншісі 1 қаңтарға дейін ойлануға уақыт беруді сұрайды. Сұрақ: ол қандай жалақыға өз денсаулығын тәуекел етпек? Басқаша айтқанда, оның жалақысы алдағы 15 жыл ішінде БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының сомасы бірінші жұмысшының зейнетақысынан кем болмауы үшін қаншаға артуы тиіс? Есептеу үшін қалған барлық параметрлер бірдей: зейнеткерлік дәрежесіндегі орташа өмір ұзақтығы 73 жасқа дейін, міндетті зейнетақы төлемдері – 10 процент.

Есептеу 2 нұсқада жүргізілді:

- №1 нұсқа – екеуінің де жалақысы жылына 5 процентке өседі;
- № 2 нұсқа – екеуінің де жалақысы жылына 10 процентке өседі.

№1 нұсқа бойынша есептеуге сәйкес екіншісінің жалақысы (өзінің денсаулығын тәуекел етуге келіскен), 15 жыл ішінде (40 жастан 55 жасқа дейін) біріншісінің жалақысынан 3,9 есе көп болуы тиіс! Егер статистикаға сенер болсақ, онда Қазақстандағы орташа жалақы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша 365 мың теңгені құрады, ал медиалық – 225,7 мың теңге. Егер бірінші жұмысшы орта жалақыға тең жалақы алатын болса, онда екінші жұмысшы зиянды жағдайдағы ауыр жұмысты 1,4 млн. теңгеге, ал медиалық есеп тұрғысында 886 мың теңгеге істеуге келісуі тиіс.

№ 2 нұсқа бойынша есептеу айлық жалақыдағы айырма 4,7 есе екендігін көрсетеді! Бұл жағдайда елдегі орташа жалақы бойынша екінші жұмысшының жалақысы 1,7 млн. теңге, ал медиалық өлшемге қатысты 1,1 млн. теңгеге жуық болуы керек.

Тілек білдірушілер есептің шартын қолдана отырып, менің есептеулерімді тексеріп шығуларына болады. Менде Еңбек министрлігі бұл жағдайлар мен параметрлерді есепке алғандығы жөнінде күмән туындайды. Өйткені, зейнетақыға 8 жыл бұрын шыққан жұмысшы өзінің зейнетақы көлемі денсаулығын тәуекел еткен жұмысшыныкінен едәуір кем болатынын білуі тиіс. Адам таңдау жасай отырып баламаға бағдар ұстайды. Сондықтан да оның таңдауы көптеген жағдайда тиімді болуы керек.

Еңбек министрлігінің есептеулер мен шешімдердегі қателіктері кезекті әділетсіздікке алып келуі мүмкін. Бұл арада «менен кейін топаң су қаптасын» деген принцип бойынша ойлауға болмайды!

Жоғары айтқанымды қайталаймын: барлығын еңбекке ақы төлеу жүйесі, лайықты жалақы деңгейі, ең төменгі жалақыны есептеу әдісі анықтайды.

Барлығы енді басталуда. Алайда, келісімнің бірінші кезегінен өтіп, мәселені шешуді бастауға жақындай түсуіміз керек еді. Өкінішке орай, мемлекеттік, ауқымды деңгейде ойлауға қабілетсіз Еңбек министрлігі тұсау болуда.

Эссе Республикалық «ҮНТУМАҚ» партиясы ұйымдастыру комитетінің ұстанымын білдіреді.

э.ғ.д., Мейрам ҚАЖЫКЕН

12.11.2023.